



№25 (8229)
25 маусым
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ



Жылоой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



ken-zhyloi.kz



Ken-Zhyloi@mail.ru



ken_jyloi_gazeti



kenzhyloi



ken.jyloi



jyloinews



ken_jyloi_gazeti



28 маусым

Бұқаралық ақпарат
құралдары қызметкерлерінің
күні құтты болсын!

ҚҰРМЕТТІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — 28 маусым — Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Төртінші билік өкілдері ретінде сіздер қоғам мен биліктің арасындағы алтын көпірге айналып, еліміздегі маңызды жаңалықтар мен өзекті мәселелерді халыққа дер кезінде әрі шынайы жеткізіп келесіздер.

Әсіресе ауданымыздың тыныс-тіршілігін кеңінен жариялап, тұрғындардың көкейіндегі мәселелерді көтеріп, қоғамдық пікірдің қалыптасуына қосып жүрген үлестеріңіз зор.

Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген барша журналистер мен БАҚ саласының ардагерлеріне шынайы ризашылығымды білдіремін.

Мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық шабыт пен кәсіби табыс тілеймін. Қаламдарыңыз қарымды, ойларыңыз ұшқыр болып, еңбектеріңіз ел игілігі жолында әрдайым жемісті болсын!

Құрметпен, Ж.ҚАРАЖАНОВ,
аудан әкімі

* ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

САЯБАҚТАН СӘН КЕТТІ...

22 маусым күні кешкі уақытта аудан тұрғындарының алаңдаушылығын туғызған оқиға орын алды. Қаладағы 8 учаскедегі Қорғанбаев көшесінің бойында орналасқан ескі саябақ аумағындағы қараусыз қалған ғимараттан өрт шығып, қызыл жалын қысқа уақыт ішінде бірнеше аумақты шарпыған. Өрт туралы хабар аудандық төтенше жағдай қызметіне шамамен сағат 17:30-да түскен. Мамандар оқиға орнына бес минут ішінде жеткен. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің инженері Нұрсәт Хаберовтің мәліметінше, жалын аз уақыттың ішінде 150 шаршы метр аумақты қамтыған.

«Өртті сөндіруге №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің 5 қызметкері мен 2 арнайы техника жұмылдырылды. Тілсіз жау сағат 18:27-де оқшауланып, 18:51-де толықтай сөндірілді. Абырой болғанда, зардап шеккендер тіркелген жоқ. Қазіргі уақытта өрттің шығу себептері мен мән-жайы анықталып жатыр»-деп хабарлады аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің маманы Н.Хаберов.

Алайда бұл оқиға кезекті өрт ретінде қаралмауы тиіс. Себебі жалын шарпыған аумақ аудан тұрғындары жақсы білетін, кезінде ауданның ең көрікті демалыс орындарының бірі саналған Қамыскөл жағалауындағы саябақ. Ресми атауы басқа болғанымен, халық арасында бұл орын көптен бері «Қамыскөл саябағы» деген атпен танылған. Бір кездері мұнда жастар бас қосып, жас жұбайлар неке қию рәсімінен кейін серуендеп, естелік суретке түсетін. Мектеп түлектері мен соңғы қоңырауға қатысқан оқушылардың да сүйікті мекеніне айналған еді. Көл жағасындағы жасыл желекке оранған саябақ ауданның ажарын ашып, тұрғындардың мақтанышына айналған еді. Өкінішке қарай, бүгінде сол көрініс санамызда сағым боп қалды. Жылдар бойы қараусыз қалған аумақтағы ағаштардың бір бөлігі кесіліп, нысандар қираған күйде тұр. Ғимарат қабырғалары әртүрлі жазулар мен суреттерге толып, айнала қоқысқа айналған. Кешкі уақытта бұл жердің маскүнемдер мен қаңғыбастардың, құқық бұзушылыққа бейім адамдардың бас қосатын орнына айналғанын жергілікті тұрғындар жиі айтып келеді. Тұрғындардың сөзінше, соңғы бірнеше жылда нысанның жағдайы жылдан жылға нашарлап, қоғам тарапынан көптеген сын-пікірлер айтылған. Дегенмен мәселе әлі күнге дейін түбегейлі шешімін таппай отыр. Соңғы өрт оқиғасы қараусыз қалған нысандардың қаншалықты қауіпті екенін тағы бір мәрте көрсетті. Мұндай орындар тек өрт қауіпсіздігі тұрғысынан ғана емес, қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың қауіпсіздігі үшін де үлкен қатер төндіреді. Егер кезінде ауданның көркі болған демалыс аймағының тағдырына бейжай қарау жалғаса берсе, болашақта мұндай төтенше жағдайлардың қайталануы әбден мүмкін.

А.ЕРДЕНҚЫЗЫ



пікірлер айтылған. Дегенмен мәселе әлі күнге дейін түбегейлі шешімін таппай отыр. Соңғы өрт оқиғасы қараусыз қалған нысандардың қаншалықты қауіпті екенін тағы бір мәрте көрсетті. Мұндай орындар тек өрт қауіпсіздігі тұрғысынан ғана емес, қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың қауіпсіздігі үшін де үлкен қатер төндіреді. Егер кезінде ауданның көркі болған демалыс аймағының тағдырына бейжай қарау жалғаса берсе, болашақта мұндай төтенше жағдайлардың қайталануы әбден мүмкін.

А.ЕРДЕНҚЫЗЫ

* КӘСІПКЕРЛІК

ҰЛТТЫҚ ӨНІМГЕ – ЖАҢА СЕРПІН

Отандық өндірісті дамыту мен жергілікті кәсіпкерлердің өнімдерін кеңінен дәріптеуді мақсат еткен «Қазақстанның үздік тауары» республикалық конкурс-көрмесінің облыстық кезеңі аясында «Бір ауыл – бір өнім» көрмесі өтті. Шараға ауданнан 17 тауар өндіруші қатысып, өз өнімдерін көпшілік назарына ұсынған.



Көрмеде азық-түлік өнімдерінен бастап қолөнер бұйымдарына дейін түрлі тауарлар қойылған. Қатысушылар өз өнімдерінің сапасы мен ерекшелігін таныстырып, тәжірибе алмасқан. Нәтижесінде «Қазақстанның үздік тауары» байқауы бойынша екі өндіруші, ал «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында бес кәсіпкер үздік тауар өндіруші дипломымен марапатталған.

Солардың қатарында жаңашыл идеясымен ерекшеленген кәсіпкер Анар Жүнісова да бар. Оның кәсіпкерлікпен айналысқанына 4 жылдан астам уақыт болған. Анар бизнесті декреттік демалыс кезінде қолға алған. Алғашында түрлі сыйлық жиынтықтарын өзірілеп, саудамен айналысқан ол уақыт өте келе тәтті өнімдер дайындауға ден қойған. 2022 жылдан бастап құлпынайды шоколадқа батырып дайындап, тұтынушылардың сұранысына ие болады. Тапсырыстар саны артқан соң кәсіби білімін жетілдіру мақсатында Астана қаласында арнайы оқу курсынан өтіп, кейін өз студиясын ашады.

Кәсіпкердің айтуынша, оның ісін жаңа деңгейге көтерген маңызды қадам — өткен жылы «Таңдау» жобасына қатысуы болған. Жоба аясында жеңіп алған 5 миллион теңге көлеміндегі қайтарымсыз қаржыға ол сублимиациялық кептіру аппаратын сатып алып, өндірісін кеңейткен. Бүгінде кәсіпкер ұлттық тағамдарды сублимиациялау арқылы олардың табиғи дәмі мен пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, ұзақ уақыт сақталатын өнімдер шығаруда. Кейіпкеріміз байқауға қазақтың дәстүрлі тағамдары — бешбармақ, манты, құрт, ірімшік, бауырсақ, сүзбе, сондай-ақ шұбат, қымыз және ешкі сүтінен дайындалған сублимиацияланған өнімдерін ұсынды. Көрмеге келген тұрғындар ерекше технологиямен дайындалған бұл өнімдерге қызығушылық танытып, жоғары бағасын берген.

— Кәсіппен декреттік демалыста жүрген кезде айналыса бастадым. Алғашында түрлі бұйымдар сатып, сыйлық бокстарын жасадым. Кейін шоколадқа батырылған құлпынай дайындауды қолға алдым. Тапсырыс көбейген соң арнайы білім алып, өз студиямды аштым. «Таңдау» жобасында жеңіп алған 5 мил-

лион теңге мен үшін үлкен қолдау болды. Сол қаржыға сублимиация аппараты сатып алынды. Биылдан бастап сублимиацияланған өнімдерді өндіруге кірістім. «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысып, үздіктер қатарынан көріндім. Алдағы республикалық кезеңге тыңғылықты дайындалып жатырмын. Егер жеңімпаз атансам, қосымша аппараттар сатып алып, өндіріс көлемін ұлғайтып, бұл саланы одан әрі дамытқым келеді, — дейді Анар Жүнісова.

Ауданнан үздік деп танылған кәсіпкерлер енді облыстық кезеңде бақ сынамақ. Аудандық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының менеджер-кеңесшісі Гүлмира Балжігітова алдағы кезеңде бренд-комитет қатысушылардың өнімдерін жан-жақты саралап, үздік он жеңімпазды анықтайды дейді. Жеңімпаз атанған кәсіпкерлер қайтарымсыз мемлекеттік гранттарға өтінім беру мүмкіндігіне ие болмақ.

— Облыстық байқау өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қатысушылар ұсынған өнімдердің барлығы ерекше әрі сапалы. Әр кәсіпкер өз ісіне жауапкершілікпен қарап, тың идеяларын көрсете білді. Ауданымыздың кәсіпкерлері арасынан үздіктердің анықталғанына қуаныштымыз. Әсіресе Анар Жүнісованың өнімі көпшіліктің назарын аударды. Оның сублимиацияланған ұлттық тағамдары жаңашылдығымен ерекшеленіп, дәмдік сапасымен де жоғары бағаланды. Сондықтан келесі кезеңде де жақсы нәтиже көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінетініне сеніміміз мол, — деді ол.

Қазіргі кезде кәсіпкерлер алда өтетін байқауға тыңғылықты дайындық үстінде. Олар өз өнімдерінің сапасын арттырып, нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін күшейту бағытында жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ тауар түрлерін көбейтіп, қаптамасын жетілдіруге және өнімдерін кеңінен таныстыруға басымдық беріп отыр. Кәсіпкерлер келесі кезеңде ауданның абыройын асқақтатып, үздіктер қатарынан көрінуге ниетті.

А. МЕЙРАМБАЙҚЫЗЫ

* Баспасөз - 2026

Кен Жылой

II жартыжылдыққа баспасөзге пошта бөлімі арқылы жазылу науқаны басталды

- * Ауданға қатысты жаңалықтар
- * Өзекті мақалалар, сұхбаттар
- * Жарнамалар



Индекс: 65583

Пошта арқылы: жеке тұлға - 2384,72 тг. Заңды тұлға - 5466,76 тг

Баламалы негізле: 6 айға-1700 тг.

"Кен Жылой" газетіне баламалы түрде төмендегі нөмір арқылы жазыла аласыз: 8-701 413 95 22

ҚҰС ЖОЛЫ



3

БҮГІНГІ ЖИНАҚ – ЕРТЕҢГІ БЕРЕКЕ



6

№25 (8229)
25 маусым
2026 жыл

Жануарларда бруцеллез көбінесе буаз малдың іш тастауы, шуының түспеуі, эндометрит, орхит және төл алу көрсеткіштерінің төмендеуі арқылы байқалады. Ауру мал инфекцияның негізгі көзі болып табылады.

* МАМАН КЕҢЕСІ

ҚАУІПТІ АУРУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Соңғы уақытта ау-
дан аумағында
ауыл шаруашылығы
жануарларының жұқпалы ау-
рулары, оның ішінде бруцел-
лез ауруы жыл сайын тіркеліп
келеді. Үй жануарларынан
адамға жұғатын аурулардың
алдын алу, олардың адам
денсаулығына тигізетін
қауіп мен экономикалық
шығындары туралы ветери-
нария мамандары тарапы-
нан тұрақты түрде түсіндіру
жұмыстары жүргізілуде.



Бруцеллез — ауыл шаруашылығы жануарлары мен адамдарға ортақ аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Аурудың қоздырғышы — бруцелла бактериясы. Бруцеллезбен ірі қара, қой, ешкі, түйе және басқа да жануарлар ауырады. Жануарларда бруцеллез көбінесе буаз малдың іш тастауы, шуының түспеуі, эндометрит, орхит және төл алу көрсеткіштерінің төмендеуі арқылы байқалады. Ауру мал инфекцияның негізгі көзі болып табылады. Қоздырғыш сыртқы ортаға малдың сүті, несекі, нәжісі, төлдеу кезінде бөлінетін бөлінділері арқылы таралады. Бруцеллез адамға ауру малмен тікелей байланыс жасағанда, мал төлдеу кезінде, сондай-ақ қайнатылмаған сүт пен сүт өнімдерін пайдаланғанда жұғуы мүмкін.

Адамдарда ауру дене қызуының көтерілуімен, қатты тершеңдікпен, әлсіздікпен, буын және бұлшықет ауруларымен сипатталады. Бруцеллездің алдын алу үшін: малды ветеринариялық есепке қойып, уақытылы диагностикалық зерттеулерден өткізу; ветеринария мамандарының рұқсатынсыз малды сатып алмау және шаруашылыққа әкелмеу; жаңадан әкелінген малды жеке ұстап, ветеринариялық тексеруден өткізу; шикі сүтті пайдаланбау, сүтті міндетті түрде қайнатып ішу; ветеринариялық-санитариялық талаптарды қатаң сақтау қажет. Мал иелері ветеринариялық мамандардың ұсынымдарын орындап, жануарларды уақтылы тексеру-

ден өткізу арқылы өз шаруашылығын ғана емес, отбасы мүшелерінің денсаулығын да қорғай алады. Ветеринариялық талаптарды орындамаған жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 406-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген. Бруцеллездің алдын алу — әрбір мал иесінің ортақ міндеті. Өз денсаулығыңыз бен мал шаруашылығыңыздың амандығы үшін ветеринариялық талаптарды сақтайық!

Б.ДҮШИМОВА,
ҚР АШМ Ветеринариялық
бақылау және қадағалау
комитетінің Жылыой
аудандық аумақтың
инспекциясының бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ


«Jasyl Energy» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 29.07.2026 жылы сағат 15:00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қараарна а. о., Шоқпартоғай ауылы, Б.Нұрмағамбетов к-сі, 374 (әкімдік ғимараты) мекен-жайы бойынша «Боркылдақты» кен орнын игеру жобасына толықтыру енгізу бойынша ықтимал әсерлер туралы есеі» жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Әсер ету аймағының географиялық координаттары: Атырау облысы, Жылыой ауданы, 47°14' 44.25» с.е., 53°38'56.3» ш.б. ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы қосылу үшін шақыру сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtlzHkmQoqFvFPG.1> Конференция идентификаторы: 984 078 7984 Қатынас коды: 123456 Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87471420596 телефонна хабарласуға болады. Тапсырыс беруші: «Jasyl Energy» ЖШС, БСН: 220340025060; Астана қ., Байқоңыр ауданы, Амангелді Иманов к-сі, 19 ғим., 501К. Тел.: 87017422811, e-mail: sch@jasylenergy.com Жобаны әзірлеуші: «Ғылыми-өндірістік орталық» ЖШС, БСН 010140003415, ҚР Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 5 ш/а, 5Г үй тел.: 87012129912, e-mail: mail@npcc.com.kz. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері: andrey_dragan@list.ru, 87014576833 Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошта мекен-жайы: Жергілікті атқарушы орган — «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, мекен-жайы: 060011, Атырау облысы, Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, электрондық пошта: atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел.: 8 (7122)32-55-09. Жобалық құжаттамамен Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz), сондай-ақ жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru> танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей atr.priroda@atyrau.gov.kz электрондық мекенжайына және Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Jasyl Energy.» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК сообщает, что 29.07.2026 года 15:00 ч. по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, Караарнинский с.о., с.Шокпартогай, ул. Б.Нурмагамбетова, здание 374 (здание акимата), проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к «Дополнение к проекту разработки месторождения Боркылдақты». Географические координаты территории воздействия: Атырауская обл., Жылыойский район, 47° 14' 44.25» СШ 53°38'56.3»ВД. Ссылка приглашения для подключения посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtlzHkmQoqFvFPG.1> Идентификатор конференции: 984 078 7984 Код доступа: 123456 По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87471420596. Заказчик: ТОО «Jasyl Energy». БИН: 220340025060. г. Астана, район Байконур, ул. Амангелды Иманова, зд. 19, 501К. Тел.: 87017422811, e-mail: sch@jasylenergy.com. Разработчик проекта — ТОО «Научно-производственный центр», БИН: 010140003415, РК, Мангистауская область г. Актау, 5 мкр-н, дом 5г. тел.: 87012129912, e-mail: mail@npcc.com.kz. Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: andrey_dragan@list.ru, 87014576833. Местный исполнительный орган — ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», почтовый адрес: 060011, Атырауская область, г. Атырау, улица Айтеке би, 77, электронный адрес: atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел.: 8(7122)32-55-09. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.), а также на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru>. Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до начала слушаний по электронному адресу atr.priroda@atyrau.gov.kz и на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.).

ОҚУШЫ ӨМІРІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОРНЫ

Кейінгі кездері елімізде жасанды интеллект кеңінен қолданылып, білім беру саласына қарқынды еніп келеді. Мектеп оқушылары оны қосымша ақпарат алу, мәлімет іздеу және тапсырмаларды орындау үшін пайдаланады. Алайда «таяқтың екі ұшы бар» дегендей, бұл технология қаншалықты оқу процесін жеңілдеткенмен, оның да айтарлықтай жағымсыз тұсы бар.



Иә, бүгінде заманауи технологиялар өте тез дамып келеді. Жасанды интеллект қоғамның, оның ішінде мектеп оқушыларының бір бөлігіне айналды. Ейткені бұл жүйе кез келген сұраққа жауапты тез табуға көмектесіп,

тақырыптарды қарапайым тілмен түсіндіріп береді. Оқушылардың бірі бұл арқылы бақылау жұмыстары мен үй тапсырмаларын орындаса, тіпті бірі шет тілін меңгеруде. Алайда жасанды интеллекттің де өзіндік зиянды тұсы

бар. Кейбір оқушылар жасанды интеллектке тым көп сеніп кетеді. Өздері ізденудің орнына дайын жауаптарды көшіріп ала салады. Менің ойымша, бұл оқуға деген қызығушылықтың төмендеуіне және білім сапасының нашарлауына әкелуі мүмкін. Бұл ретте жуырда оқушылардың пікірін білу үшін сауалнама жүргізген едім. Солардың бірі №6 жалпы орта білім беретін мектептің түлегі — Айару Ағниязова. -Қазіргі уақытта ЖИ біздің өмірімізде үлкен рөл атқарады. Жасанды интеллектіні пайдалану аса қажет емес. Мұны тек қосымша құрал ретінде пайдаланған жөн. Әрине, қазір бұл жүйе еліміздің қай саласында да оң ықпал етіп, өзіндік көмегін тигізуде. Десек те мұны үнемі пайдалану адамның ойлау жүйесін тарытып, жалқаулыққа әкелуі әбден мүмкін,-дейді Айару бұл жөнінде. Жасанды интеллект дұрыс қолданылған жағдайда ғана пайдалы көмекші болып табылады. Ол оқуды жеңілдетуі мүмкін, бірақ ол оқушының білімі мен оқуға деген ұмтылысын алмастырмауы керек. Технологиялар біз үшін бәрін жасап бермей, бізге дамуға көмектесуі қажет деп ойлаймын. Бекзада БАҒЫТОВА, жас талапкер

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 10.10.2025 жылы қайтыс болған аз. Жангазиева Алибек Уринбасаровичтің мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Сүйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 18 мамыр 2026 жылы қайтыс болған аз. Байкенов Ниятулла Абиқаримовичтың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов к-сі, 49. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Сүйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 22 мамыр 2026 жылы қайтыс болған аз. Сарсенов Темирдің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов к-сі, 49. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Кейкина А.С (лиц.№26006034 ҚР Әділет министрлігімен 02.03.2026 ж. берілген) хабарлайды: 12.05.2026 жылы қайтыс болған аз. Кизатов Турикменбай Жауынбаевичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Манап Ғалимов к-сі., №114 құрылыс, №13 кеңсе. Тел.: 8-778 808 14 08.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Кейкина А.С (лиц.№26006034 ҚР Әділет министрлігімен 02.03.2026 ж. берілген) хабарлайды: 31.03.2026 жылы қайтыс болған аз. Сарсенбаев Аскар Шимекеновичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұна мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Манап Ғалимов к-сі., №114 құрылыс, №13 кеңсе. Тел.: 8-778 808 14 08.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 23.03.2025 жылы қайтыс болған аз. Буддирбаев Нургараның мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 01.06.2026 жылы қайтыс болған аз. Ибрашев Болатбек Сағизбаевичтің мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 04 наурыз 2026 жылы қайтыс болған аз. Жасенов Бекзат Кенесұлының атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 22 желтоқсан 2025 жылы қайтыс болған аз. Жидебаев Болат Бердібековичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.08.2019 жылғы № 73 бұйрығының 287) және 288) тармақтарына сәйкес «Жылыойгаз» ЖШС 2026 жылдың бірінші жартыжыладының қорытындысы бойынша қоғамдық тыңдауын 21.07.2026 жылы сағат 15:00-де, серіктестіктің әкімшілік кеңсесінде өткізетіндігін хабарлайды. Қосымша сұрақтар бойынша: 8 (71237) 7-90-50, ішкі 152.

Жумағалиев Аманкос
Аюповичтің атына
берілген қызметтік куәлігі
жоғалуына байланысты
жарамсыз деп табылсын.



"Кең Жылой" газетінің сайтына,
20 700 оқырманы бар инстаграм парақшасына
жарнамалар мен құттықтаулар қабылдаймыз.
ЖАРНАМА БӨЛІМІ

